

76.320.8(257K-413)

E 85

ЕСТЕН КЕТПЕС
ECAFA

76.320.8 (257К-4)

E 85

*Естен кептес Есаға
Естеліктер жинағы*



Есенгелді Шілдебаев

~Mg

Кызылорда, «Тұмар»
2012 жыл

**УДК 821.512.122
ББК 84. Қаз-7
Е 85**

**Шығарушылар алкасы:
Жағыппар Қарабала (төраға), Несібелі Рахмет, Гүләйім
Жанұзакова, Бақыт Қалдыбаева, Гүлжайна Жөлекбаева, Асылхан
Нұрмамбетов.**

**Е 85
Естен кетпес Есаға. Қызылорда, 2012 жыл, 176- бет.**

ISBN 978-601-229-330-2

Бұл кітап бүкіл саналы ғұмырын Сыр елі радиосы мен теледи-
дарының өрістеуіне арнаған талантты журналист, карымды
қаламгер, КСРО теледидары мен радиосының үздігі, Қазакстан
Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Есенгелді Шілде-
баевтың туғанына 70 жыл толуына орай шығарылып отыр. Өз
мамандығын шынайы сүйген Есенгелді Шілдебайұлы жоғары
оку орнын бітіргеннен бастап өмірінің сонына дейін бір ғана
мекемеде, яғни облыстық теледидар және радио хабарларын
тарату комитетінде, қызмет етті. Білікті ұйымдастырушы, сон-
дай-ақ бүтінде өнірдің әлеуетті де қуатты ақпарат көзіне айналған
«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының қалыптасуына зор
енбек сінірді.

Жинақ қаламгердің әріптестері мен достарының, рухани
жақындарының, шәкірттерінің, ағайын-туыс және ұрпактары-
ның естеліктерінен түзілді. Сағыныш пен қимастық сезімге толы
осынау жүрекшарды лебіздерден Есағаның азаматтық болмысы
айқынанғарылады. **ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛАСТЫҚ
ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ**

КІТАПХАНАСЫ

42 7886

**ББК 84. Қаз-7
© «Тұмар»
2012**

ISBN 978-601-229-330-2

ӨМІРДЕРЕК

Есенгелді Шілдебаев 1941 жылдың 18 қыркүйегінде Теренөзек ауданында туған. 1958 жылы орта мектепті бітірген соң еңбек жолын Жалағаш аудандық коммуналдық шаруашылығында жұмысшы болып бастаған. 1962-1967 жылдар аралығында Казак Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыды. Университетті бітіргеннен бастап өмірінің сонына дейін облыстық теледидар және радио хабарларын тарату компаниясында еңбек етті.

Есенгелді Шілдебаев радио мен теледидарда қызмет ете жүріп өзінің қаламы жүйрік, ойы үшқыр, принципшіл де ізденимпаз, еңбеккор журналист екенін көрсете білді. Көп жылдар бойы радиода бас редактор болып жақсы ұйымдастырушылық қабілетімен танылған ол 1991 жылы облыстық теледидар ашылғанда арнаның бас редакторы қызметіне бекітілді.

Облыстық теледидарда жұмыс аткарған жылдары Есенгелді Шілдебаев Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, өнір мәдениеті мен өнерінің өрістеуіне сүбелі үлес косты. Бұл орайда тәжірибелі маман Құмқөл кенішін игеру, Арал экологиясын сауықтыру, ауыл шаруашылығын,

Естен көттес Әсаға —

өндіріс, құрылым салаларын ілгерілету жайында мәнманзызы жоғары актуальды, проблемалық хабарлар жасады. Білікті журналист сондай-ақ көптеген жыр додаларын, телеайтыстар, сазгерлер мен жыршы-жыраулардың кештерін үйімдастырды. Соның нәтижесінде көрермен қауым Шәмшат Төлепова, Акмырза Тұяқбаев, Фатима Төлегенова, Тәнірберген Қалауов, Бексұлтан Байкенжеев, Мұрат Сыдықов, Әлмырза Ноғайбаев және де басқа көптеген талант иелерінің шығармашылығымен жан-жакты танысып, өнерлерімен сузыннады.

Есенгелді Шілдебаев Қызылорда қаласының уақыт көшінен қалмай, талапқа сай көркейіп, ғұлденуіне қалам қарымымен атсалысты. Оның «Дария жағасындағы қала» атты кітабы Қызылорданың сонау Қамыс қала, Ақмешіт, Перовск деп аталған жылдарынан бастап бертінге дейінгі тыныс-тіршілігін баян етеді.

Есенгелді Шілдебаевтың қазақ журналистикасына сінірген еңбегі жоғары бағаланып, «КСРО теледидары мен радиосының үздігі» белгісімен, бірнеше медальмен мара-патталып, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды.

Облыстық теледидардың негізін қалаушылардың бірі, талантты қаламгер 2000 жылдың 24 қантарында дүниеден озды.

ҚАЛАМГЕРЛІГІ ІСКЕРЛІГІМЕН ҰШТАСКАН

*М*ен журналист мамандығын сонау жасымнан ұнататын едім. Мектеп бітіргендеге осы мамандықты ойлап, 1956 жылы ҚазГУ-ге (ол кезде солай дейтінбіз – автор) барып, конкурстан өте алмай қайтқанмын. Ол кез Хрущевтің заманы, өндірістен келгендердің мерейі артып тұрған еді. Сонымен қатар журналистердің қоғамдық белсенділігін ұнататынмын. Мен қазіргі тіліммен айтқанда, журналистерге қоғамдағы әлеуметтік бақылаушы, әлеуметтік тазартушы ретінде қараймын. Сонымен қатар мұндай қаламгерлердің бірсыптырасы кейде бесаспап мамандар болады. Мамандығының талабына сәйкес олар қоғамның көптеген салаларынан хабардар болуға міндетті. Онсыз шын мәнісіндегі журналист болу қыын. Менің обкомдағы кезімде бөлімде журналистердің көбірек болып, кейбіреудердің осыны әңгіме еткені де есімде.

Міне осындай себептермен естелігімді жоғарыдағыдай атап отырмын. Қызмет бабында да журналистермен көп араластым. Әсіресе, облыстық партия комитетіндегі соңғы он бір жылдай идеология бөлімі менгерушісінің орынбасары, менгерушісі кезінде осы қаламгерлер қауымын тікелей

басқаруға қатыстым. Облыстағы жетекші журналист кадрларды резервке алып, олардың өсуін, басқалауазымды жұмыстарға баруын бақылап отырдық. Сонда партия аппаратына немесе облыстық, аудандық газеттердің редакторлығына кадр табу онай болмайтын. Себебі журналистердің көбісі жақсы маман, қаламы үшқыр болғанымен олардың ұйымдастырушылық кабілеттері кемшін түсіп жататын. Әрине, бәрін етене біле бермеуіміз де мүмкін.

Өзім көп жыл араласкан аралдық, мамандығы журналист, әнші Елеусіз Кенебаев ҚазГУ-дің соңғы курсарында оқып жүргендеге қалаға практикаға келіп, біздің үйде жатты. Онымен пединституттың үшінші курсына дейін бірге оқыған жолдасым, кейін «Социалистік Қазақстан» газетінің Актөбе облысы бойынша тілшісі болып істеген Әбдіғани Аймағанбетовтің арқасында танысып едім. Бір күні достым үйге осы Есенгелдіні ертіп келді. Ол кезде Есенгелді де университетте студент екен. Шашы бүйралау, қағылез, 20-ның үстіндегі болашақ қаламгермен бір уақытта тікелей қызметтес боламын деп ол кезде әсте ойлағаным жок...

Одакта партия ыдырай бастады да, қайда барғанымыз дұрыс болар екен деп жүрген кезіміз. Басшыларым ұсынған бір лауазымды облыстық дәрежедегі қызметке өзім бармадым, екінші жұмысқа басшыларым жібермеді. Содан тағдырдың жазуы шығар – 1991 жылдың маусым айында облыстық телерадио хабарларын тарату комитетінің, кейін компаниясының төрағалығына қызметке келдім. Басшыларыма осында келуді сөз арасында айтЫП қалғанмын. Біріншіден, осы ұжымның талай жыл басшысы болған Жаксылық Беккожаев ағайым өткен жылы зейнеткерлік жасқа келген-ді. Екіншіден, тікелей бірінші басшы ретінде маған үлкен жазудың қажеті жок. Бас редакторлар алдына жан салмайды. Шығармашылық қызметтегі кісілер маған

салмақ салдыра коймас деп ойладым. Менің міндетім – көбіне ұйымдастырушылық жұмыс, басшы, ортаңғы буындағы кадрлармен, облыстық, аудандық басқару органдарымен қарым-қатынас деп ойладым. Шынында да солай болды. Мекеменің бұрынғы жетекші облыс, республикаға танымал басшы да, қаламгер де еді. Кадрларды әдемі тандаған, бәрі дерлік сакадай сай, бейнелеп айтканда, шетінен «сен тұр, мен атайындар» еken. Журналист-басшылардан Владимир Хрянин, Есенгелді Шілдебаев, Баян Исламбаева, техникалық басшы қызметкерлерден Юрий Ефанов және тағы да басқа әрқайсысы өз ісінің майталман мамандары тұғын. Бұдан хабардар болатынмын.

«Ұжымның телехабарларға дендең бет бұруы ептең кадрлар өзгерісіне алып келді. Біршама уақыттан кейін қазақ тіліндегі телехабарлар редакциясының бас редакторы Есенгелді осы құрылымда калды да, оның орнына танымал журналист, шығармашылық мүмкіндіктегін обкомның бөлімінде қызметтес болғаннан білетін әрі обком тарап жұмыссыз қалған, талантты журналист Оразбек Максұтовты осы қызметке, яғни радионың бас редакторы қызметіне шакырдым. Кейін ол облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары болып көп жыл жемісті қызмет етті. Жасыратын ештеңесі жок, Есенгелді бұл қадамыма әуелгі кезде ренжіді. Оны түсінуге болады. Дегенмен кадрдың бір қызметте ұзак болуы пайдалы бола бермейді. Қызмет те, кішкентай болса да әлеуметтік орта да, өзгеріп отыруы керек. Эйтпесе адам өспей, тоқырауға ұшырайды. Бұл – өмір заны.

Бірак Есенгелдінің шығармашыл қызметі әсте бәсендеген жок, қайта бұрынғыдан қолы бостау болып қыруар іс тындырды. Егер осылай айтуда болса, «өзіне» қызмет етті. Ол Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, өнір өнерінің өрістеуіне сүбелі үлес қосты деп

Естен көптес ғаса

айтуға тұрарлық жұмыс атқарды. Өзінің бұрыннан облыстық радионың белсенді қаламгері ретіндегі жинаған абыройына абырой, беделіне бедел қосты. Шығармашылық кеңістігі мол болды. Өзіне жақын облыстың өнерінен әлеуметтік және экономикалық мәселелерге дейінгі тақырыптар Есенгелдінің назарынан шет қалмады.

Мен осы жұмыска келгеннен кейін бірсыныра ойлаңуға тұра келді. Ол – жаңа ұжымның бет-бейнесін қалай айқындаимыздеген ой еді. Біз казір барлық облыста ашылған телеарналардан немізben ерекшеленуіміз керек? Сондағы өзім де ойланып, ұжымдағы әріптеріммен ақылдаса отырып тапқаным – «Сыр елі – жыр елі» екені ежелден белгілі, олай болса біз Сыр өнерін, өнерді қадір тұтқан азаматтарды насиҳаттауды басты тақырып етуіміз қажет. Өнер – мәңгілік, басқаның барлығы өткінші. Таңдауымыз дұрыс болған сиякты. Кейде бізді мәдениет басқармасының жұмысын атқардыныздар деушілер де болмай қалмады. Осы бағытта Есенгелді жарқырап көрінді. Бұл оның он қолы да еді.

Есенгелді Сырдың белгілі өнерпаздары Шәмшат Төлепова, Бексұлтан Байкенжеев, Мұрат Сыдыков, Әлмырза Ноғайбаев және де басқа көптеген талант иелерінің шығармашылық кештерін өткізіп, олардың өнерлерін облысқа мәлімдей отырып, таспаға жаздырып болашақ үрпаққа мұра етіп қалдырды. Сол кездегі облыс экономикасы үшін аса маңызды Құмкөл кеңішін игеру, адам тағдыры үшін өткір мәселе – Арал экологиясын сауықтыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығын, өндіріс, құрылыш салаларын дамыту туралы хабарлары соны түсірілімдерімен көрмендер көкейінен шықты.

Ал өзі ойластырып, өзі жүргізген «Карттарым - асыл казынам» деген бағдарлама төрінен сол кездегі облыстың зиялы қауымынан орын алмағандар аз шығар. Бұл бір

ұлкенге деген құрмет, облыска енбегі сіңген ағаларға деген кошемет еді. Бұл біздің ұлттық болмысымызға сәйкес келетін, көпшіліктің келесі бағдарламаны күтіп отыратын жақсы хабары болды.

Ен негізгісі Есенгелді облыстық радиода каншалыкты беделді болса, телеарнада соған коспаса, әсте төмендеген жок. Кезінде Сыр бойының тындармандары облыстық радио десе, Есенгелді Шілдебаевты егіз еске түсіретін. Өйткені ол бас редактор ғана болған жок, облыстық радиодағы басты тұлғалардың бірі еді. Бұған Есенгелдінің жеке қасиеттері де ықпал етті. Көпшіл, ұжымдағылармен тиісті деңгейде сыйласып, қатарластарымен қалжыңдасып, кішілерді еркелетіп жүретін. Сондықтан іні-қарындастары Есенгелдіні жақсы көретін. Бұл кім болса соның қолынан келе беретін қасиеттер емес. Кейбіреулер осындай болғысы келеді, бірақ жаратушы сонау баста өзін рухани кедей қылса не амал бар.

Есенгелді мінезді, принциптілігі жеткілікті жан болатын. Бірақ табиғаты жайдары болғаннан кейін қайтымы тез еді. Алла мінезсізден сақтасын. Ол, әсіресе, биліктің басы-қасында жүрген лауазымды кісілермен сұхбаттасқан кезде өзін деңгейлес ұстайтын. Бұл бір жағынан оның ой – өрісіне де байланысты дүние ғой.

Менің бұрын байқағаным радиодағы тілшілік қызмет адамды ашады, оны белсенді етеді. Біздің облыстық радиода қызмет етіп, кейін белгілі қаламгер, коғам қайраткерлері болғандар аз емес. Белгілі акын-жазушылар, қаламы жүйрік журналистер Сыдық Алдабергенов, Сактаған Есмаханов, Ахат Жанаев, Комшабай Сүйеніш және басқалар негізінен осы облыстық радиодан бата алғандар еді. Белгілі акын, көп жыл республикалық органдарда басшылық қызметтерде болған Садықбек Хангелдин, кейін «Социалистік Қазақстан» газетінің Жезқазған, Атырау облыстары

Есептес Әсаға

бойынша меншікті тілші қызметін атқарған қаламгерлер Әтеген Жаппарханов, Қазихан Қабделов алғашкы қадамдарын осы қасиетті табалдырықтан бастаған болатын.

Реті келгенде айта кетейін, халқымыздың көп жылдар тамаша қызмет еткен осы радиоға еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін теріс қарағанымыз дұрыс бола қойған жок. Облыстық радио бүтінгі біздің бейшара ана тілдік жағдаймызда әлі де көп іс тындырар еді. Оның үстіне радионың қорында біздің кешегі үніміз, тыныс-тіршілігіміз, тұтас тарихымыз жатыр.

Рас, Есенгелдінің мені түсіне қоймаған кезі болмады емес, болды. Бұл, бәлкім, оны телеарнадағы бас редакторлықтан аудиостырғаннан кейін шығар. Бірақ мен оған деген адами катынасымды еш өзгертуенім жок. Дегенмен 1994 жылы тамыз айында республикалық радионың біздің облыстағы тілшісі Ахат Жанаевтың 60 жылдығына арнаған дастарқан үстіндегі сөз арасында өзі «Жәке, мен сізді біле бермейді екенмін» деп қалды. Оған қандай себеп болғанын білмедім. Дегенмен менің осы уақытта өзімді азын-аулак көрсете алғаным да себепші болған шығар. Бұл кезге дейін телеарнамыздың республика көлемінде тұсаукесерін өткізіп, оған Алматыдан төрағамыз, белгілі жазушы Шерхан Мұртазаны, жақын облыстардан өзіміздің әріптестерімізді шакырғанымыз, ұжымның өзінің тапқан қаржысының есебінен қызметкерлерімізге батыл түрде пәтерлер ала бастағанымыз, тұсаукесерді негізге ұстап, қала әкімдігінен екі пәтер алғанымыз, менің өзім бұрыннан жаксы білетіндігімді пайдаланып Қызылорда темір жол басшылығынан екі бөлмелі үйді сұрап алғаным және тағы да басқа жәйттер әсер еткен болуы мүмкін.

Есенгелді өмірінің соңғы кездері жүрек ауруына тап болды. Бұл меніңше, қаламгерлердің кәсіби науқасы. Қанша дегенмен журналистер сезімнің адамы. Онсыз ол

шығармашыл тұлға бола алмайды. Ал өмірде сан түрлі жағдай кездесетіні белгілі. Мен бір рет үйіне арнайы көңілін сұрап барғанда ылғи тас, цементтен тұратын үлкен панельден құрастырылған үйдің денсаулығына кері әсер ететінін айтып, пәтерді ауыстыруды ұсындым. Ол қаржы жоқтығын айтты. Мен жігіттермен келісіп барынша көмектесуге тырысамыз дедім. Бірақ бұл ұсыныс аяқсыз калды. Ол кездері біздің мүмкіншіліктеріміз баршылық еді. Оның үстіне ұжымға көп еңбегі сіңген кадрлардың орны бөлек болатын.

Сөзімді аяктай отырып, осы Есенгелді сияқты өз ісіне жауапкершілігі жоғары, өз мүмкіндігін коғам үшін барынша пайдалана білген қаламгермен, басқа да мамандықтағы кадрлармен 4-5 жыл қызметтес болғанымды мактанды етемін. Осындай елдің дамуына елеулі үлес коскан абзал азаматтардың атын жүйелі атап отырған, солардың құрметіне әр түрлі өнер, спорт сайыстарын өткізіп келе жатқан «Казакстан-Қызылорда» телеарнасы ұжымының аса құлтарлық тіршіліктеріне риза көнілімді білдіремін.

Жаратушының зергерлігінен бүгінге дейін адамнан артық ештеңе дүниеге келген емес. Соңдықтан да ең бірінші адамды қадірлейік, соны қастерлейік. Бүгінгі нарықтың жағдайында кейбіреудердің ықыласы ерекше капиталға ауып кетті. Бұл – өткінші нәрсе. Адамзат өмірінде, тарихта үлкен-кіші тұлғалардың халқының мұддесі үшін құрескен қажырлы қызметі ғана қалады. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

**Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы.**

ТЕЛЕРАДИО ТАРЛАНЫ

Есағана осындай тенеу берсем ешкім қарсы бола қоймас. Ол кісі шын мәнінде бұл атакқа лайық азamat еді...

Мен ол кісімен 1979 жылы таныстым. Университеттің екінші курсын бітіріп, практикаға келген едім. Радиокомитеттің төрағасы Жақсылық көкеміз арқамнан қағып, бас редактордың кабинетіне өзі ертіп апарды. Бисекеннің інісі екен(менің үлкен апам Бисенкул Карабалаева ол кезде Қазақ телевизиясында белгілі журналист болатын) өзі арғы беттегі №212 мектепті алтын медальға бітіріпті, жаман жігіт болмаса керек, - деп тапсырып кетті. Есағаң жылы шыраймен қабылдады. Облыстық радиода өткен онқұндық практикамда «Жауқазын», «Сыр толқыны» атты екі хабар дайындалым. Радиожурналист Айғанша апайдың жетекшілігімен «Егінжайдан ескен леп» атты репортаж да жасадым.

Радиодағы жылы шырайлы апайлар мен мейірбен ағалардың қамқорлығына бөленіп өткізген өндірістік тәжірибем ұнап келесі жылы тағы да келдім. Алдыңғы жылдан жинаған тәжірибем бар, кайісті болмасын қағып тастауға пейілмін. Соны Есаға сезді ме, Жаңакорған ауданы туралы 60 минуттық дүниені маған сеніп тапсырды. Ол кезде Қазақ

ССР- і мен Қазакстан Компартиясының 60 жылдығы дүркіреп аталып жатқан кез еді. Осыған орай әр ауданнан бір сағаттық радиофестивальдер үйымдастырылып жатыр екен... Есағаның маған сенім көрсеткені канаттандырды білем, материалды барынша шабыттанып жасадым. Кейін ол дүнием жүлделі үшінші орынға ие болды. Университетке артымнан 80 сом сыйакы мен диплом барғанда төбем көкке бір елі жетпей қалды. Жалаң аяқ студент үшін мұндай үлкен көлемдегі премия таптырмайтын олжа емес пе?... Тағы бір куанғаным, Есағанның мені студент деп қарамай, тырнак алды туындыма осыншама мән бергені.

1982 жылдың ақпан - наурыз айларында диплом алдындағы практикамды облыстық радиода өткіздім. Бұл менің кәсіби шындалу кезеңдерім болды.

Араға он жыл салып 1992 жылдың қантарында облыстық телерадиокомитет төрағасының орынбасары болып елге оралдым. Ол кезде Есенгелді аға облыстық теледидардың бас редакторы екен.

Телевидениенің ашылған жылдары. Қалыптасу кезеңі. Тындан түрен салғанмен бірдей. Техника ойдан-қырдан жиналып, облыстық радионың базасындағы мықты деген журналистер топтасып көрерменмен кауышып жатқан кезеңдер еді бұл. Бейнеге жан бітіру, оны сөйлету аскан шеберлікті кажет етеді. Журналистер үшін телевидениенің құпиясы терен. Дегенмен Жаксылық аға салып кеткен сара жолдан таймаған Әбдіжәлел аға төраға болып, Юрий Ефанов бас инженер, Есенгелді Шілдебаев бас редактор болып алғашқы қындықтарды еңсерген. Орыс редакциясына белгілі журналист Баян Исламбаева басшылық жасаса, негізгі шығармашылық жұмыстың жауапкершілігі, эфирдің саясаты Есағана жүктелген. Ал ол кісі болса, кәнігі журналист, тәжірибелі маман ретінде бұл жұмысты ұтымды үйымдастырып әкеткен.

Телеарна ашылуының әу басында осындай кіслердің тұрғанының өзі үлкен олжа еді деп ойлаймын бүгінде. Бекзат болмысты, биік парасатты тұлғанын манайына сол кездегі облыстың қаймактары, зиялыштары топтасты. Ресми билік ол кісінің пікірлерімен санасты. Есаған олардың әр-қайсысын қатыстыра отырып, халықтың көкейінен шығатын телетуындылар жасады. Журналист ұлт зиялышарымен, өнер, мәдениет майталмандарымен аралас-құралас бола жүріп, халықтың көкейіндегіні тануға тырысты. Осылайша Сыр телеарнасының бет-бейнесін айшықтауға, бағыт-бағдарын нықтауға үлес қосты. Телеарнаның бағдарламалық саясатын қалыптастыруды.

Есенгелді Шілдебаев телеарнаның бас редакторы ретінде бірінші кезекте халықтық өнерді насихаттауға мән берді. Сыр сүлейлерін, жыршы-термешілерін, әнші-сазгерлерін көгілдір экранға шығарды. Бірінші болып Бексұлтан Байкенжеевтің шығармашылық кешін ұйымдастыруды. Әншінің аты бүкіл республикаға дүркіреп тұрған кез еді. Концертке Әсет Бейсеуовтің өзі келді. Халық әртісі Зейнеп Қойшыбаева, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген әртісі Мәдина Ерәлиевалар ән салып, халықтың рухын көтеріп жіберді. Артынша Шәмшат Төлепованың, Мұрат Сыдыковтың, Әлмұрза Ноғайбаевтың, Сәрсенбек Жұнісовтің, Махмұтбай Әмреевтің, Тәнірберген Қалауовтың тағы да басқа өнер иелерінің шығармашылық кештері Есағаның жүргізуімен, ұтымды ұйымдастыруымен телеарна эфиріне шықты. Осы кештерге Есағаның арқасында Роза Бағланова, Өтеген Спанов, Нұрғали Нұсіпжанов тағы да басқа өнер тарландары Алматыдан ат арылтып келді. Ол кезде продюсер деген сөз қолданысымызда болған жок. Бүгінгінің тілімен айтқанда бұл үлкен продюсерлік шаруа болатын. Атан түйеге жүк болар ауыр жұмысты Есаға өзі атқарып, өзі ұйымдастыруды. Бұл жобалар тәй-тәй басқан

біздің телеарнаға үлкен имидж әкелді. Аймактағы шығармашылық иелерінің рухани, кәсіби өсуіне баспалдақ болды. Халықтың көніл-күйін шалқытты. Осы шығармашылық кештердің барлығы түгелдей «алтын корда» сактаулы. Әлі күнге дейін эфирден түскен жоқ.

Табиғатынан сырбаз Есаған эфирде де сондай келісті болатын. Бурыл тартқан қою шаштарын артқа қарай қайырып, кең мәндайын ашып, көрмерменмен үнемі жылы жұзбен сәлемдесіп отыруши еді. Ол кісінің кадрдағы осы бейнесінің өзі талғампаз көрмененді көк жәшікке еріксіз байлап коятын десем артық болmas. Келісті кескін мен байыпты әнгіме өзара астасып, мазмұнды хабар көрмерменге жол тартатын. Есаған «Жұздесу», «Сыр-сұхбат» хабарларын тікелей эфирде өте тамаша жүргізетін. Эйгілі американдық Ларри Кинг ток- шоудың королі болса, Есаған тікелей эфирдің дарабозы-тын. Жалпы тікелей эфирді мылтықсыз майдан дейтін болсак, Есаған сол майданның кейде шебер, кейде мерген, кейде айлакер жауынгері бола алатын. Ол кісінің елдің, ұлттың мұддесін қозғаған, аймактың дамуын саралаған көптеген хабарларының салмағы мен байыбы бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да әлі өз маңызын жойған жоқ.

Есенгелді ағаның жүрдім- бардым, атусті хабар жасауға жаны қас-тын. Арзанқол хабарларды эфирге жолатпады. Тек жүрекпен жасалған хабар ғана жүректерге жетеді дегенді өзі ұстанды және өзгелерге де соны ұғындырды. Көрмермен алдындағы жауапкершіліктен жалтарған да және оны ешқашан ұмыткан да емес.

Жалпы сексенінші жылдары Қазак телевизиясының қарыштап дамуына Құсман Игісінов, Сағат Әшімбаев, Қажы Корғанов, Совет Масғұтов секілді ағаларымыздың еңбегі үшан-теніз болса, біздің аймакта Есағаның бір өзі үлкен мектеп қалыптастырыды. Өзінің телерадио саласын-

Есептес Әсаға

дағы отыз бес жылдық енбегінде жұздеген адамды тәрбие-леді. Журналистің негізгі міндеті жазу. Ал тележурналист сол жазғанын шебер жеткізе білуі тиіс деп қараған ұстаз, шәкірт бойындағы алғырлық пен білгірлікті дәл танып, оны ұштай білді. Әрбір шәкіртіне бір-бір тұлға деп қарады. Бүгінде республикалық «Таңшолпан» журналының бас редакторы болып отырған Нұрлыбек Сафиндер Есағаның үкілеген үміттері еді.

Есенгелді Шілдебаев телеарнада режиссер Зина Есмахановамен шығармашылық tandemде тамаша дүниелер жасады. Есаған Зинаның шығармашылығын әбден қырнап, шәкіртін тамаша режиссер етіп қалыптастырыды. Мәдениет институтын бітірген Зина да енбеккор, өнерге, шығармашылыққа деген нәзік көзқарастағы адам. Жоғарыда аталған музыкалық хабарлар екеуінің қоян-колтық жұмысының, ізденісінің нәтижесінде көрерменге жол тартты. Бүгінде осындай үлкен мектептен өткен Зина Ұлттық арнада режиссерлік қызметте.

Есаған тек шығармашылығымен ғана емес, бітім-болмысы, жүріс-тұрысы, байсалдылығымен ұжымға үлгі еді. Жастар ол кісінің алдында артық жүріп, артық сөйлеп қалудың өзінен жасқанатын. Ең бастысы ол бас редактор ретінде бүкіл шығармашылық ресурсты толық басқара білді. Ұстаздан қызметім жоғары болса да, үнемі сол кісіден үйреніп жүретінмін. Бүгінде басшы ретінде қалыптаса алсам, осы алдыңғы толқын ағалардың ықпалы екендігінде дау жок.

Таулар алыстаған сайын биіктей береді деген рас-ау. Бүгінде Есаған туралы айтқанда тебіренбейтін жан баласы жок. Ағаның мейірімді жүзінен тамған нұр әлі күнге дейін бізді жылтыып тұрғандай. Телерадио тарланының Сыр бойы журналистикасының дамуына сіңірген енбегіне ешқашан көленке түскен емес. Қайта жылдар өткен сайын оның журналистік қолтаңбасы, бекзат болмысы, салиқалы

сөзі жаңарып-жанғырып жатқандай көрінеді. Егер ол жаңымызда болғанда «60 минут» хабарын бақандай 40 жыл жүргізген қарт журналист Майкл Уоллес сияқты, болмаса «Саяхатшылар клубы» арқылы ширек ғасыр экраннан түспеген Юрий Сенкевич секілді «Жұздесуде» көрерменімен жылы жүздесіп отырар ма еді? Жалпы қазақ телевизиясының тарихында ғұмыры ұзак мұндай хабарлар болған емес, бірақ Есенгелді Шілдебаев арамызда болғанда әлемдік телевидениеге тән осы үрдіс бізде де қалыптастын ба еді...

Есаған – шын мәнінде бақытты жан. Ұжымдастарының және қосағы Айткамал апайдың араласуымен 2006 жылдан бері дәстүрлі түрде журналист атындағы волейбол турнирі өткізілуде. Турнирді ұйымдастыруға кезінде ағайдың кейіпкерлері болған, кейін жақын інілеріне айналып кеткен облыстың атпал азаматтары өсіресе, бизнесмен Көркембай Ермекбаев ағамыз қаржылай қолдау көрсетіп жүр. Осындағы әрбір салтанатты шарада журналист Есенгелді Шілдебаевтың азаматтығы, жақсылығы айтылып, ол жылдар бойы өскелен ұрпакқа сіністі боп кетті. Аталмыш шара телепарнадағы ұрпактар сабактастырын нығайтудың жарқын көрінісі. Откенсіз бүгін жок. Сондыктан, алдымызда өткен ағаларымызды еске алып, олардың өнегелі істерін жалғастыруды біз өзіміздің парызымыз деп есептейміз.

Ағаға деген рухани жақындық, оның аруағына деген құрмет мені ол кісінің отбасымен бауырластырды. Ағайдың кіші ұлы Абзal қызмет бабымен Алматыға аударында ағалап келіп менімен кенесті. Бұл мені ерекше жақын тұтқандығы шығар. Дәстүрлі турнирге Алматыдан асыға жететін апай да ұжымға әрдайым ризашылығын білдіріп отырады.

«Жақсының аты өлмейді» демекші, 70 жылдық мерейтойына орай ағаның жемісті жылдары мен жарқын істері,

Есін көттес Есаға

азаматтық келбеті жайлы жаңа жинақ оқырманға ұсынылып отыр. Қаладан бір көшеге журналист есімі берілді. Өзі түрған үйге ескерткіш такта қойылды.

Тағдырына екінші өмір бұйырған телерадио тарланы туралы көкірекке тұнған ойлар міне, осындай. Ең ұзак өмір-екінші өмір дейді ғой. Ендеше, Есағаның екінші өмірі мағыналы істермен ұрпактар жадында мәңгі нұрлана бермек.

Жағыппар ҚАРАБАЛА,
«Казакстан-Кызылорда» телеарнасының директоры,
«Құрмет» орденінің иегері.

КӨТЕРІП ӨТТИҢ НАР ЖУГІН...

Еснегелді інімді мен сонау студенттік шағынан, сол кездегі аса беделді жоғары оку орны болып саналатын – КазГУ-дің журфагінде оқып жүрген кезінен жақсы білетінмін. Өндірістік практикасын жаңа оку жылы басталғанша өзіміздің құзырымызда, облыстық радионың кабырғасында өткізетін. «Жақсыда жаттық жок» демекші табиғатына біткен бауырмалдығымен қызметтес аға-апаларымен де, өз тұрғыластарымен де лезде-ак тіл табыса білетін. Жазғы демалысын босқа өткізбей елхалықпен араласып, хабар дайындау біріншіден-оның шеберлігін шындал, тәжірибесін толықтырса, екіншіден-2-3 ай ішінде тым тәуір қаламақы тауып үлгіретін. Студентке осының өзі де аз байлық емес қой.

Бірде Шілдебаевтар әuletінің үлкені, облыстық мекемелердің бірінде бас есепші болып істейтін Жұмаділ ағамыз өзінің туған інісі Есенгелдіні маған аманттап жатып: мынау ініңе бас-көз боларсын, айналайын, қамқорлық жасарсың,-деген еді. Жұмекен бізге туыстық жағынан да, жерлестік жағынан да қашық емес-тін. Алматыда тұратын өзіме тетелес ағай – Нұрекен екеуі Тереңөзек кентіндегі М.Калинин атындағы казак орта мек-

тебін бірге тәмамдап шыққан-ды. Арасысып тұратынбыз. Арасында Әсия женгеміздің қолынан дәм тататын едік. «Ағаның үйі ақжайлау» демекші бұл отбасы кісі жатыр-камайтын, қазаны оттан түспейтін қонакжай шаңырак болатын.

Ертесіне Есенгелді інімді шакырып алып, практиканы неден бастау керектігі жайлы пікір алыстық.

— Кеше бірқатар қолжазбаларынды мұқият оқып шықтым, әсіресе очерк, суреттеме жанрына бейімділігін көзге ұрып-ақ тұр. Тілің жатық, әдемі. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін аша тұсу үшін кейбір детальдарды ұтымды қолданғанға ұксайсың. Бұл, әлбетте, жаксы ұмтылыс. Егер қарсы болмасаң, өзге жанрларды әзірге қоя тұрып, қыска хабарлар, яғни жаңалықтар дайындаудың қыр-сырына қанығып алсан қайтеді. Сырт көзге қораш боп көрінгенімен бұл бір ұлкен шеберлік пен шалттықты кажет ететін қын жанр. Өйткені бәзбір очерктерге арқау боларлық ауыр жүкті әрі қыска, әрі нұсқа, етек-жені жып-жинақы осы жаңалықтардың көтеруіне тұра келеді. Мысалы: мен аталмыш дүниелерді радиохабарлардың мәйегі, сығындысы – дер едім. Ерте ме, кеш пе сенің де осындай пікірге келіп, тоқтарың ақиқат дегенім есімде.

Араға біраз жылдар салып, бас редактор болып қызмет атқарып тұрған кезінде Есенгелдінің оңашада сыр ғып айтқан мына бір әңгімесі ұмытылар емес. «Бірер ғана сөйлемнен тұратын жаңалықтың мұншалыкты ауыр, жауапкершілігі мол жанр екенін кім білген. Сол жылдары маған қыска акпараттар дайындаудан гөрі бірнеше беттік суреттеме, немесе макала жазып тастау әлдекайда женіл болып көрінетін. Өйткені еркін көслесің ғой. Мұнда 3-4 сөйлемнен аса алмайсың, айтарынды соның аясына қалайда сыйғызуың керек-ақ Ал, қыска қайыру хас шеберлікті

талап ететін құбылыс екенін кейін барып ұғынғандай болдым. Сол үшін де сізді ұстаз тұтамын...»

Әдетте бас редактор – жауапты тұлға. Құзырындағылар, әлбетте, саған қарай бой түзейді, ширайды, шындалады.

Әңгіме бас редактор дегеннен туындейды-ау. Қарбалас тірліктің қауырттығы соншалық, кейде бас бұруға мұрсат бола бермейтін. Өйткені, уақыттыңыз. Шалғайдағы ауылдар мен қиядағы қыстаулардан сүйт жеткізген ұнтаспалар стационарлық аппараттар арқылы көшіріліп, мұқияттындалып, монтаждалып, музыкамен көркемделіп, жедел әфирге шығарылып жатады. Осылайша тоқсан тараулы жұмыс бір толас таппайтын. Сол сәт бейне бір конвейердің жанында тұрғандай күй кешесіз. Осының бәрі жұдырықтай жүрекке салмақ тұсірері хақ қой. Мұның үстіне Одактың ыдырауы, өтпелі кезеңнің адам түгілі нар белін қайстырарлық қыншылықтары да онай тимесе керек. Облыс тарихында тұңғыш рет телевизиялық арна ашу, оны құралжабдықтармен жарактандыру, қолайлы баспана табусыншалықты қым-куыт тірліктің басы-қасында Жаксылық Бекқожаев, Есенгелді Шілдебаев, Әбдіжәлел Бәкірсынды азаматтарымыз жүрді. Тәубе дейікші, енбек кайтты. Откен жылы облыс жүртшылығы «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының 20 жылдық мерейтойын дүркіретіп өткізді. Бір өкініштісі – Жәкен мен Есенгелдінің орны ойсырап-ақ тұрды. Алайда Алланың ісіне не шара бар. Жайлары жәннатта, топырактары торқа болғай, - деп тілейміз Тәнірімізден.

Есенгелді ініміз тек мөлдіретіп жазуда ғана емес, ауыз екі тілге де шебер-тін. Не айтса да тауып айтатын, орнымен айтатын. Айтар сөзін жанға жайлары жұмсак әзілімен тұздықтап, өте әсерлі жеткізетін. Хабарларын да әдемі жүргізетін. Бірде тікелей әфирге сұхбат беру үшін студияға арнайы шақырылған беделді басшының ағынан

жарыла айтқан мына бір жүрекжарды лебізі жадымда қалыпты.

«Бұрын бағамдай бермейді екенбіз-ау. Биік мінбер мен микрофонның айырмашылығы аспан мен жердей екен ғой. Шынымды айтсам, катты толқыдым, киналдым. Жібі тұзу әнгіме айта алсам жарап еді, - деп жүрексінгенім де рас. Мұлдем бас тарту да ұят екен. Әне-міне дегенше микрофон да тіке қосылып, хабар басталып кетті. Ал, сұхбат жүргізуші Есаған болса, өзін тым еркін ұстайды. Тіптен асып-сасар емес. Өзінізді барынша еркін ұстаныз дегендей ишарат білдіретін сыңайлы. Сол сәт жүрегім орнына түскендей мен де ақыры сөйлеп кеттім-ау. Бұл кісіде өзекті жанды өзіне баурап әкетерлік бір тылсым күш бар тәрізді...»

Бір күні жұмыс кабинетімнің тұсынан өтіп бара жатып:

— Аға сізге бір қызық айтайын ба? - деді жұмсак жымып.

— Айта ғой, тындалық.

— Айтсам былай. Жаңа ғана басқышпен жоғары көтеріліп келе жатсам қарсы алдыннан шыға келген бір дәкей алаканыма бірден 5 келі етті сылқ еткізіп ұстата салды.

Күліп жатырмыз. Сөйтсек әлгі дәкейдің етженді қолы анау-мынау алақанға сия коймайтындағы ебедейсіз ірі һәм зілбатпан ауыр екен. Бірде Есаған қарауындағы бір жігітті кішкентайынан әзілдері жарасқан дәрігерге жұмсал, сәлден соң телефон шалады.

— Менің жіберген жігітімнің оң жақ құлағына зер салшы, бір шөлмекті іліп жібергенмін. Шөлмегін алып қал да, өзін кері қайтар, жарай ма, - деп телефон тұтқасын орнына сылқ еткізіп қоя салады. Әлгі дәрігер өзіне әдейілеп келген жігіттің құлағынан салбырап тұрған сүйелді байқап қалады да соны сылып алып тастаудың қамына кірісіп кетеді. Есағанның әлгі шөлмек дегені «бәрібір сендер сол сүйелді

осымен жуасындар ғой» дегені екен. Бұған қалайша күлмессің. Есенгелдінің осы тақылеттес қазакы қалжындары көп болатын. Қатар өскен Әскербек, Серік, Нұрахмет сынды құрдастары әлі күнге дейін сол бір думанды кезеңдерін аса бір ризашылық сезіммен еске алып отырады.

Өмірінің акырғы сәтіне дейін біз Есағанмен бір үйде, бір шанырактың астында ғұмыр кештік. Бөтен болғанымыз жок. Бір подъезден кіріп шығатын Есенгелді мен Сейітжан інімді қос қанатымдай көретінмін. Әттеген-айы сол екі бауырымнан да көз жазып қалдым.

Айта берсе әңгіме көп. Қайсыбірін айтып таусысарсын. Есенгелді ініміз алдыңғы толқын ағалары мен қатар өскен құрбы-құрдастарының, замандастарының жүргегінде өзінің бекзаттық болмысымен, парасат-пайымымен, боямасыз адами қалпымен, бауырмалдығымен, әдемі әзілімен мәнгілік сақталып қалмақ.

**Ахат ЖАНАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Қазақ радиосының ұздігі, дербес зейнеткер.**